

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар Кеңесі
БЕКІТКЕН

2026 жылғы 01 маусымдағы No 19/26 хаттама

«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ
ӨУЕ КӨЛІГІ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ., 2026 ж.

МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер
2. Сақтандыру объектісі
3. Сақтандыру жағдайлары
4. Сақтандыруға жатпайтын жағдайлар және сақтандыруды шектеу. Сақтандырушының сақтандыру төлемінен босату негіздері
5. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі. Франшиза
6. Сақтандыру сыйлықақысы. Төлеу тәртібі мен мерзімі
7. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
8. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі және орны
9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
10. Сақтандыру жағдайы орын алған кезде жасалатын әрекеттер
11. Сақтандыру төлемін жасау туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттар
12. Сақтандыру төлемін жасау тәртібі және ережесі
13. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарауы
14. Қосарлы сақтандыру
15. Суброгация
16. Сақтандыру шартына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар
17. Сақтандыру шартын тоқтату ережелері
18. Тараптардың жауапкершілігі
19. Дауларды шешу тәртібі
20. Қосымша ережелер

№ 1, 2 және 3 қосымшалар

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы «Basel» Сақтандыру Компаниясы АҚ әуе көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес дайындалды.
- 1.2. «Basel» СК АҚ (бұдан әрі – Сақтандырушы) ережелердің талаптарын сай заңды (меншік нысанына қарамастан) немесе әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасау жолымен көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғаларға залал келтірілген жағдайда әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.
- 1.3. Әуе көлігі иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандырудың мақсаты Сақтанушының әуе кемесін пайдалануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың денсаулығына, өміріне және мүлкіне зиян келтіргені үшін оның жауапкершілігі басталған кезде Сақтанушының мүлдіктік мүдделерін сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.
- 1.4. Сақтанушы-заңды тұлға сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде қайта ұйымдастырылған кезде оның осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.
- 1.5. Сақтандыру шарты әрекет еткен кезде Сақтанушы-жеке тұлға қайтыс болған жағдайда, оның осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен оның мұрагерлеріне ауысады.
- 1.6. Осы ережелерде келесі түсініктер қолданылады:
 - 1) **сақтандыру ережелері** – сақтандырудың белгілі бір түрі бойынша сақтандыруды жүзеге асыру талаптарын айқындайтын сақтандыру ұйымының құжаты;
 - 2) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан заңды немесе жеке тұлға;
 - 3) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын заңды немесе жеке тұлға;
 - 4) **Сақтандыру жағдайы** – басталғанда Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жасауды көздейтін оқиға. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға оның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілеріне ие болуы керек;
 - 5) **жеке басқа зиян келтіру** – сақтандыру жағдайының салдары ретінде дене жарақаттары, жаралануы, денсаулығының бұзылуы, қайтыс болуы;
 - 6) **мүлікке зиян келтіру** – сақтандыру жағдайының салдары ретінде жойылуы, бүлінуі немесе нақты болмысының жоғалуы;
 - 7) **сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
 - 8) **сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;
 - 9) **сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі** – Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, егер Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе;

- 10) **сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 11) **әуе кемесі/әуе көлігі** – жер (су) бетінен шағылысқан ауамен өзара әрекеттесуден ерекшеленетін ауамен өзара әрекеттесуі есебінен атмосферада қалықтайтын ұшу аппараты. Әуе көлігі/кеме ұғымына оның корпусы, қозғалтқыштары, шассиі, электр және гидравликалық жүйелері және ұшуды қамтамасыз етумен байланысты және тиісті түрде ресімделген тиісті құжаттары бар бортқа орнатылған өзге де арнайы жабдық кіреді;
- 12) **авиациялық инцидент** – әуе кемесі ұшуды орындау мақсатында пайдаланылған кезде осы кеменің, оның экипажының, басқа авиация қызметкерлерінің қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуына байланысты немесе сыртқы жағдайлардың әсеріне байланысты туындаған, бірақ авиациялық оқиғаға әкеп соқпаған оқиға;
- 13) **авиациялық оқиға** – әуе кемесі ұшуды орындау мақсатында пайдаланылған кезде осы кеменің, оның экипажының, басқа авиация қызметкерлерінің қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуына байланысты немесе сыртқы жағдайлардың әсеріне байланысты туындаған және адамдардың қаза табуына, әуе кемесінің елеулі зақымдануына, қирауына немесе жоғалуына әкеп соққан оқиға;
- 14) **әуе кемесінің ұшуы** – әуе кемесінің ұшып көтерілу кезіндегі екпін алудан (тік ұшып көтерілген кезде жер немесе су бетінен ажыраудан) бастап жүру аяқталғанға (ұшу-қону жолағын аялдамай босатқанға дейін) немесе тік қонған кезде жер (су) бетіне жанасқанға дейін әуе кемесінің жер (су) бетімен және әуе кеңістігінде қозғалуы;
- 15) **жәбірленушілер**:
- әуе көлігін пайдалану нәтижесінде өміріне/денсаулығына және/немесе мүлкіне Сақтанушы зиян келтірген әуе кемесін жөндеуді, күзетуді, алып жүруді және т. б. жүзеге асыратын әуе кемесінің жолаушылары/жүк иелері не Сақтанушының/әуежайдың/компаниялардың қызметкерлері болып табылмайтын үшінші тұлғалар;
 - тасымалдау кезеңінде өміріне/денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтірілген жолаушылар;
 - тасымалдау кезінде мүліктік мүдделеріне зиян келтірілген жүк иелері.
- Жәбірленушілер болып табылмайды: Сақтанушының қызметкерлері, әуе көлігі экипажының мүшелері.
- 16) **жолаушы** – әуе тасымалы шартына сәйкес әуе кемесінде тасымалданатын немесе тасымалдануға тиіс экипаж мүшелерін қоспағанда, кез келген адам;
- 17) **жүк иесі** – әуе тасымалы шартына сәйкес әуе кемесінде тасымалданатын немесе тасымалдануы тиіс жүктің иесі(лері)/ жөнелтушісі (лері)/ алушысы (лары);
- 18) **экипаж мүшелері** – ұшу құрамының және қызмет көрсетуші қызметкерлер құрамы. Экипаж құрамы әуе кемесінің үлгісі мен мақсатына, сондай-ақ ұшуды орындау кезінде оны пайдалану мақсаттары мен шарттарына байланысты айқындалады және оны әзірлеуші мен Тапсырыс беруші айқындайды. Ұшу құрамы адамдарының ішінен экипаждың ең аз құрамы осы үлгідегі әуе кемесін ұшуға пайдалану жөніндегі басшылықта көрсетіледі. Ұшу экипажының мүшелеріне ұшу құрамының қолданыстағы куәліктері, сондай-ақ осы үлгідегі әуе кемесін және оның жабдығын басқару үшін қажетті даярлығы мен тәжірибесі бар адамдар жатады: ұшқыштар, штурмандар, бортинженерлер, бортмеханиктер және бортрадистер. Қызмет көрсететін құрамға ұшу кезінде әуе кемесін және оның жабдығын басқаруға

байланысты міндеттерді орындамайтын экипаж мүшелері: бортсеріктер, бортоператорлар және әуе кемесінің мақсатына және ұшу мақсатына байланысты басқа да мамандар жатады;

- 19) **үшінші тұлғалар** – Сақтанушыға талап қоюға құқығы бар жеке және заңды тұлғалар. Үшінші тұлғаларға Сақтанушының өзі, оның қызметкерлері, сондай-ақ Сақтанушының атынан әрекет ететін заңды және жеке тұлғалар жатпайды;
- 20) **тіркелген багаж** – Сақтанушы тасымалдауға оның сақталуы үшін өз жауапкершілігіне қабылдаған және оған багаж түбіртегі мен багаж биркасын берген жолаушының багажы;
- 21) **қол жүгі/жолаушы жанындағы заттар** – тіркелмеген багаж, сондай-ақ киім заттары және басқа да заттар және жолаушы жанындағы заттар;
- 22) **жүк** – әуе кемесінің бортында пошта, борт жабдықтары және ілеспе және дұрыс жіберілмеген багаждан басқа, кез келген тасымалданатын мүлік;
- 23) **тасымалдау мерзімі:**
 - әуе кемесіне отырғызу үшін әуежайдың перронына жолаушы кірген сәттен бастап және жолаушы Сақтанушының уәкілетті адамдарының бақылауымен перроннан кеткен сәтке дейінгі уақыт кезеңін қамтитын жолаушыны әуе арқылы тасымалдау;
 - жүк тасымалдауға қабылданған сәттен бастап алушыға берілгенге дейін немесе белгіленген ережелерге сәйкес басқа адамға берілгенге дейінгі уақытты қамтитын жүкті әуе арқылы тасымалдау;
 - тасымалдауға қабылданған сәттен бастап оны алушыға бергенге немесе белгіленген ережелерге сәйкес басқа адамға бергенге дейінгі кезеңді қамтитын жүкті әуе арқылы тасымалдау;
- 24) **перрон** – әуеайлақтың ұшу алаңының жолаушыларды отырғызу және түсіру, багажды, жүктер мен поштаны тиеу және түсіру мақсатында әуе кемелерін орналастыруға, сондай-ақ қызмет көрсетудің басқа да түрлеріне арналған бөлімі;
- 25) **багаждың, жүктің бүлінуі** – тасымалдау кезінде багажды, жүкті немесе багаждың, жүктің бір бөлігін жарамсыз күйге келтіру және оның салдарынан олар өзінің бастапқы тағайындалуы үшін толық қолданылмаса (құндылығын жоғалтса);
- 26) **багаждың, жүктің жоғалуы** – Сақтанушы жеткізу үшін белгіленген мерзім өтіп кеткеннен кейін, тасымалдауға қабылданған багажды, жүкті уәкілетті тұлғаға беруге қауқарсыз болатын тасымалдағы ақау, бұл ретте бұл олардың нақты жойылуына, ұрлануына, басқа жаққа жіберіп алуына немесе аралық әуежайда қателесіп беріп жібергеніне қарамайды. Егер бұл тасымалдаушымен солай танылса немесе осы багаж немесе жүк жеткізу мерзімі өткеннен кейін 7 күн ішінде тасымалдаудың тағайындалған орнына келмесе тіркелген багаж немесе жүк жойылды деп есептеледі.
- 27) **дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - ұйым)** - акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі коммерциялық емес ұйым. Ұйым “Сақтандыру қызметі туралы” Заңның және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарының негізінде сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру, бірлескен қайта сақтандыру дерекқорын қалыптастырады және жүргізеді.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Сақтандыру объектісі әуе көлігін пайдалануға байланысты зардап шегуші деп танылған үшінші тұлғалардың/жолаушылардың/жүк иелерінің өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген оның міндетіне байланысты Сақтанушының мүлдіктік мүдделері болып табылады.
- 2.2. Сақтанушының құқыққа қарсы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 3.1. Сақтанушының келесілерді өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігі пайда болу дерегі сақтандыру жағдайы болып табылады:
 - 1) ұшу әуежайында ұшуды орындау үшін қозғалтқышты іске қосқан кезден бастап межелі әуежайда (транзиттік әуежайда) қозғалтқышты сөндірген кезге дейін әуе кемесімен, оның бөліктерімен не әуе көлігін пайдалану кезінде одан құлаған адаммен немесе затпен тікелей келтірілген үшінші тұлғалардың өміріне/денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян;
 - 2) әуе кемесі жолаушысының өміріне/денсаулығына келтірілген зиян; әуе тасымалы кезінде, жолаушының қасында болған жеке заттардың және тіркелген багаждың зақымдалуы, жойылуы немесе опат болуы салдарынан әуе кемесінің жолаушысына келтірілген залал;
 - 3) әуе тасымалы кезінде жүктің жоғалуы, зақымдануы немесе жойылуы немесе Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру талаптарына сәйкес олардың комбинациясы салдарынан жүк иесіне келтірілген залал.
- 3.2. Сақтанушының зардап шегушіге зиян келтіргені үшін жауапкершілігінің басталу дерегі Сақтанушының зардап шегушінің зиянды өтеу туралы талаптарын негізді деп тануы және Сақтанушының талаптарды мойындауымен Сақтандырушының келісімі негізінде немесе заңды күшіне енген сот шешімі негізінде анықталады. Жекелеген немесе барлық тәуекелдер бойынша Сақтандыру шартында Сақтанушының жауапкершілік дерегін соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде ғана белгілеу көзделуі мүмкін.
- 3.3. Сақтанушының (оның қызметкерлерінің/экипаж мүшелерінің) іс-әрекеттерінде теріс пиғыл немесе өрескел абайсыздық белгілері болмаған жағдайда, жәбірленушіге зиян келтіру салдарынан Сақтанушының міндеттемелер бойынша жауапкершілігінің басталу дерегі сақтандыру жағдайы деп танылады.

Ниет тұлғаның іс-әрекетінің заңсыздығын және теріс салдардың пайда болу мүмкіндігін алдын-ала білетіндігімен, бірақ олардың алдын-алу үшін әдейі шаралар қолданбағанымен сипатталады.

Өрескел абайсыздық тұлғаның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қолайсыз салдарының туындау мүмкіндігін алдын ала болжауымен, бірақ қажетті мұқияттылық, адалдық, қамқорлық, сақтық танытпауымен (бұған жеткілікті негіздерсіз бұл салдардың алдын алуға жеңілтектікпен сенген) сипатталады.
- 3.4. Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлемей немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысы үшін Сақтандырушы жауапкершілігінің ретроактивті (ретроспективті) кезеңі көзделуі мүмкін. Егер Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе, онда Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде жәбірленушілерге зиян келтіру салдарынан болған оқиғалар (себептер) үшін ғана жауапты болады.
- 3.5. Сақтандыру шартында «extended reporting period» - талап қоюға арналған қосымша (кеңейтілген) кезең – сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейінгі уақыт кезеңі көзделуі мүмкін, осы кезең ішінде Сақтандыру

шартының қолданылу кезеңінде болып жатқан, бірақ оның қолданылу мерзімі өткенге дейін талап ретінде мәлімделмеген қателіктерден немесе олқылықтардан сақтандыру қорғанысы қамтамасыз етіледі.

Сақтандыру шартында қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлемей, ұзақтығы күнтізбелік 60 күн болатын талаптарды мәлімдеу кезеңі көзделуі мүмкін. Сақтандыру шартында өзге ұзақтықтағы және/немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысы үшін талаптарды мәлімдеу кезеңі көзделуі мүмкін.

- 3.6. Жауапкершіліктің ретроактивті (ретроспективті) кезеңі және талап қою үшін қосымша (кеңейтілген) кезең туралы ескертпелер оны жасасу кезінде Сақтандыру шартына енгізілуі тиіс.
- 3.7. Егер Сақтандыру шартымен өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру жағдайы орын алған күні деп:
 - 1) Сақтанушыға жүк тасымалдары бойынша шағымдар жасау күні;
 - 2) Сақтанушыға үшінші тұлғалардан және жолаушылардан шағымдар жасау күні болып есептеледі.
- 3.8. Егер Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе, бір ғана қате немесе олқылық жасау нәтижесінде Сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы бірнеше шағымдар немесе талаптар жеке сақтандыру жағдайлары деп танылады (тіпті егер ұжымдық наразылық немесе ұжымдық талап қою болса, не сот бірнеше талап қою ісін бір іс жүргізуге біріктірсе де).

4. САҚТАНДЫРУҒА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ШЕКТЕУЛЕРІ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 4.1. Сақтандырумен келесі жағдайлардың салдарынан туындаған Сақтандырушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі өтелмейді:
 - 1) Сақтанушы әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы қолданыстағы куәлігі және әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы қолданыстағы куәлігі және әуе көлігінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және ведомстволық басқару органдары талап ететін басқа да құжаттары жоқ әуе кемесін пайдаланған кезде;
 - 2) Сақтанушы/экипаж мүшелері кемені ұшуға дайындау ережелерін, ұшу ережелерін, жолаушыларды (жүктерді, багажды) тасымалдау ережелерін, санитарлық-гигиеналық талаптарды, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген әуе кемесін күтіп-ұстауға, қорғауға, жөндеуге, ұшуға және техникалық пайдалануға қойылатын өзге де талаптарды бұзған жағдайларда;
 - 3) ұшу құрамы экипажының мүшелерінде ұшу құрамының қолданыстағы куәлігі және/немесе осы үлгідегі әуе кемесін және оның жабдығын басқару үшін қажетті даярлық/тәжірибе болмаған жағдайда;
 - 4) әуе кемесіне арнайы рұқсаты жоқ және арнайы оқытудан өтпеген білікті емес қызметкерлер құрамы қызмет көрсеткен кезде, сол сияқты ол үшін арнайы оқытылмаған және арнайы рұқсаты жоқ адамдар қызмет көрсеткен кезде және/немесе жөндеген кезде;
 - 5) егер залал кез келген себептердің нәтижесінде туындаса, егер әуе кемесінің бортында жолаушылар немесе жүк сақтандыру шартында айтылғаннан артық болса;
 - 6) Сақтанушы әуе кемесін сақтандыруға арналған өтініште көзделмеген мақсаттарда немесе ол белгілеген осы кемені пайдалану ауданының

- шегінен тыс пайдаланған (егер бұл еңсеріліейтін күш мән-жайларынан туындамаса);
- 7) сақтандырылған көлікке арналмаған ұшу-қону алаңдарын пайдалану (мәжбүрлі жағдайлардан басқа);
 - 8) әуе көлігін сынақтарда, спорттық/демонстрациялық іс-шараларда немесе оқу мақсаттарында пайдалану;
 - 9) егер залал әуе кемесін көліктің кез келген түрімен тасымалдау нәтижесінде туындаса;
 - 10) егер залал күрделі немесе апаттық жөндеуден кейін әуе кемесінің ұшуы нәтижесінде туындаса;
 - 11) егер залал әуе кемесін аң аулау, ату, бірдеңені әдейі шашырату немесе тозаңдату мақсатында пайдалану нәтижесінде туындаса;
 - 12) әуе көлігін заңсыз мақсаттарда пайдалану, оның ішінде сақтанушының/экипаж мүшелерінің сот қылмыстық жазаланатын деп таныған іс-әрекеттерді жасауы нәтижесінде болған немесе әуе көлігі қылмыс құралы немесе жабдығы болып табылған жағдайда;
 - 13) егер залал AVN.48B «Соғыс, айдап әкету және басқа да қауіп-қатерлер кезінде тәуекелдерді жою туралы ережесімен» (№1 қосымша) алып тасталған оқиғалар нәтижесінде туындаса;
 - 14) егер залал жаңа конструкцияларды сынау, сондай-ақ ұшуға арнайы рұқсатты қажет ететін басқа да конструкцияларды жүргізу нәтижесінде туындаса;
 - 15) агрегаттардың кез келген ақауларына және ресурстың өндірілуіне байланысты әуе кемесінің жекелеген агрегаттарының істен шығуы – жұмыс процестерімен және ілеспе факторлармен (діріл, шу, электромагниттік кедергілер және т.б.) байланысты тозу, қартаю, төзімділіктің төмендеуі, егер мұндай зақымданулардың салдары агрегаттар ішінде оқшауландырылған болса;
 - 16) әуе кемесі құрылымындағы элементтердің жинақтағыш немесе үдемелі сипаты бар (коррозия, шаршаған жарықтар, қатпарлану және т. б.) қалыпты пайдалану жағдайлары мен жүктемелердің әсеріне байланысты зақымдар;
 - 17) дайындаушы зауыт арнайы ескертпеген және ұсынбаған қосалқы бөлшектерді, жиынтықтауыштарды және/немесе шығыс материалдарын пайдалану;
 - 18) өндірістік дефект немесе ақау;
 - 19) қалыпты тозу ретінде қаралатын бөгде заттардың түсуі нәтижесінде қозғалтқышқа ұзақ мерзімді залал келтіру;
 - 20) егер залал Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған қасақана іс-әрекеттері немесе Сақтанушының өрескел абайсыздығы нәтижесінде туындаса, командир мен экипаждың ұшу қауіпсіздігін, әуе көлігінің және оның бортындағы жолаушылар мен мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдамауы;
 - 21) егер залал Сақтанушының Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе ведомстволық нормативтік құжаттардың ережелерін сақтамауы нәтижесінде туындаса, бұзуды қылмыс ретінде сараланған жағдайда.
 - 22) егер зиян ұшу дағдыларына оқыту және ұшқыштардың біліктілігін арттыру кезеңінде туындаса.
- 4.2. Егер зиян келесілерге келтірілген болса, сақтандыру өтелмейді:
- 1) Қоршаған табиғи ортаға;
 - 2) «Шудың, ластанудың және басқа қауіптердің әсерін болдырмау туралы ережемен» AVN.46B (№2 қосымша) алып тасталған шығындар үшін;

- 3) егер залал «Радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсерін болдырмау туралы ережемен» AVN.71 (№3 қосымша) алып тасталған оқиғалар нәтижесінде туындаса.
 - 4) жәбірленушінің ақша, бағалы қағаздар, алтын, бағалы және жартылай бағалы тастар мен металдардан жасалған бұйымдар, өзге де асыл тастар, әшекейлер, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар, оның ішінде антикварлық және басқа да бірегей заттар, діни ғибадат заттары, коллекциялар, суреттер, қолжазбалар түріндегі мүлкіне;
 - 5) жүктің шіруі, коррозиясы, тозуы, тотығуы, кебуі, ағуы, булануы, салмағының, массасының немесе көлемінің табиғи өзгеруі немесе жүктің табиғи тозуы салдарынан;
 - 6) жүктің қасиеттері немесе оның ақаулары салдарынан (оның ішінде өндірістік);
 - 7) сыртқы қаптамасы сау бола тұра жүктің жетіспеуінен, соның ішінде жүк құрттармен, кеміргіштермен, жәндіктермен зақымдалса;
 - 8) жүкті әуе кемесіне жүктеу орнына жеткізген кезде және әуе кемесінен түсіруден кейін орын алған шығындар;
 - 9) тасымалданатын жүк бағасының түсуі салдарынан орын алған шығындар.
- 4.3. Сақтандыру төлемі келесі жағдайда жасалмайды:
- 1) егер Сақтанушы жеке тұлға болып табылса, Сақтанушының отбасы мүшелеріне залал келтірілген жағдайда;
 - 2) Егер оқиға Сақтандыру шартында көрсетілген әуе кемесін басқару (қызмет көрсету) кезінде болса, Сақтанушы экипажының кез келген мүшесінің (немесе кез келген басқа экипаждың) жеке басына немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан келтірілген залалдар үшін;
 - 3) Еңбек міндеттерін атқару кезінде туындаған Сақтанушының кез келген қызметкерінің жеке басына немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан орын алған залалдар үшін;
 - 4) Сақтанушының уақытша пайдалануындағы немесе әуе кемесінің бортында кездейсоқ қалып қойған мүлікке зиян келтіру салдарынан келтірілген залалдар үшін.
- 4.4. Осы Ережелердің 4.1. – 4.3 тт. көрсетілген сақтандыру жағдайлары қосымша сақтандыру сыйлықақысына ерекше келісілген шарттарда сақтандырылуы мүмкін.
- 4.5. Сақтандыру шартында тікелей ескертілген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушының (экипаж мүшелерінің, Жәбірленушінің, Пайда алушының) ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратудан келтірілген зиян, моральдық зиян (оның ішінде айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, сот шығындары, жәбірленушілерді қажетті мақсатта/кері жіберу бойынша, әуе көлігін жөндеу кезінде тұрғын үйді жалға алу немесе қонақ үйде тұру бойынша шығыстар, іссапар шығыстары, өндірістің тоқтап қалуымен байланысты шығындар, әуе көлігінің тауарлық құнын/тауарлық түрін жоғалту, жоғалған пайда) өтелмейді.
- 4.6. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жасаудан бас тартуға құқылы, егер сақтандыру жағдайы келесінің салдарынан орын алса:
- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту жөнінде шараларды қасақана қолданбауы;

- 3) Сақтанушының залалды келтіруге кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша шығынның тиісті өтемін алуы;
 - 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруде және оған келтірілген залалдың мөлшерін белгілеуде кедергі келтіруі;
 - 5) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу;
 - 6) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы негіз болып табылады. Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;
 - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.
- 4.7. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан босатылады, егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан орын алса:
- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті уланудың әсері;
 - 2) әскери іс-қимылдар, терроризм актілері;
 - 3) азамат соғысы, түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.
- 4.8. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына Сақтанушы / Пайда алушы сотқа шағымдана алады.
- 4.9. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларынан өзге ерекшеліктер, сақтандыруды шектеу және (немесе) Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері осы тарауда көрсетілгендерден басқа белгіленуі мүмкін.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

- 5.1. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімімен анықталады. Сақтандыру шартымен келесілер белгіленуі мүмкін:
- 1) Жиынтық сақтандыру сомасы, яғни, Сақтандыру шартының бүкіл әрекет ету мерзімінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық жасалған сақтандыру төлемдерінің сомасы осындай жиынтық сақтандыру сомасынан аспауы тиіс;
 - 2) Әр сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасы.
- 5.2. Сақтандыру шарты бойынша келесілер белгіленуі мүмкін:
- 1) Бір және барлық сақтандыру жағдайлары бойынша әр сақтандыру тәуекелі үшін жеке жауапкершіліктің шекті көлемі:
 - Барлық жәбірленушілердің өмірі немесе денсаулығына келтірілген залал үшін агрегатты жылдық сақтандыру сомасы;
 - Барлық жәбірленушілердің мүлгіне келтірілген залал үшін агрегатты жылдық сақтандыру сомасы;
 - Бір жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген залал үшін сақтандыру сомасы;
 - Бір жәбірленушінің мүлгіне келтірілген залал үшін сақтандыру сомасы;
 - 2) Бір сақтандыру жағдайы үшін жауапкершіліктің шекті көлемі;
 - 3) Сақтандыру сомаларының өзге түрлері.
- 5.3. Сақтандыру шартымен франшиза қарастырылуы мүмкін.
- 5.4. Франшиза – Сақтандырушыны Сақтандыру ережелерімен көзделетін, белгілі мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.
- 5.5. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері

осы сомадан көп болса, залалды толық өтеуге тиіс. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген сома шегеріле отырып өтеледі.

- 5.6. Қолданылатын франшизаның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартымен белгіленеді.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

- 6.1. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандырудың келісілген ережелеріне, Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне, сақтандыру сомасына, сондай-ақ әуе көлігінің сипаттамасына, оны пайдалану ережелері мен ерекшеліктеріне, таңдап алынған тәуекелдер тізбесіне, сақтандыру мерзіміне, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және ықтимал залалдың шамасына әсер ететін өзге де факторларға, қосымша сақтандырылатын тәуекелдерге байланысты болады және Сақтандырушының тарифтік саясатына сәйкес есептеледі.
- 6.2. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі Сақтандыру шартында айқындалады.
- 6.3. Егер Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысының тасымалдау дерегі бойынша есептеуге және төлеуге жататыны көзделсе, онда Сақтандырушы нақты деректер бойынша кейіннен қайта есептеу және өзара есеп айырысу кезінде Сақтанушының белгілі бір уақыт кезеңіне (ай, тоқсан және т.б.) жоспарланған деректерінің негізінде сақтандыру сыйлықақысының есеп айырысуын жүргізеді.
- 6.4. Сақтандырушы Сақтанушы ұсынатын нақты деректердің дұрыстығын тексеруге құқылы.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша толтырылған Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады. Сақтанушы сақтандырылатын әуе көлігіне қатысты тәуекел дәрежесін айқындау мақсатында өзіне Сақтандырушы қойған барлық сұрақтарға жауап беруге міндетті. Сақтанушының өтініші Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Сақтанушы өтініште жалған мәліметтер көрсеткен жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы. Көрсетілген өтінішті толтыру кезінде Сақтанушы сақтандыру тәуекелін бағалау үшін өзіне белгілі, елеулі маңызы бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 7.2. Сақтанушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынады:
- 1) әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
 - 2) пайдаланушы сертификатының көшірмесі;
 - 3) әуе кемесіне меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері (әуе кемесін сатып алу-сату шарты, тендер өткізу туралы хаттама және т.б.);
 - 4) әуе кемесін мүлктік жалдауды, лизингті, алдын ала басқаруды, сондай-ақ өзге де пайдалануды растайтын құжаттардың көшірмелері;
 - 5) әуе кемесіне меншік құқығын, мүлктік жалдауды, лизингті, сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ әуе кемесін өзге де пайдалануға құқығын растайтын құжаттарға қабылдау-тапсыру актісінің көшірмелері;
 - 6) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің меншікке сатып алуға, мүлктік жалдауға, лизингке, сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ әуе кемесін өзге де пайдалануға (азаматтық авиация ұйымдары, Қазақстан Республикасының резиденттері үшін) рұқсаты;

- 7) әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және жарамдылығын айқындау актісі;
 - 8) ұшуға жарамдылық сертификаты (әуе кемесін ұшуда пайдалану кезінде);
 - 9) әуе кемесінің үлгі сертификаты (аса жеңіл авиация әуе кемесі үшін түпнұсқа сертификаты немесе үлгі сертификаты);
 - 10) ұшуға жарамдылық сертификаты;
 - 11) борттық журналдар (ұшақтың/тікұшақтың бортжурналы, ұшақтың/тікұшақтың санитариялық борт журналы);
 - 12) борттық радиостанцияларға лицензия;
 - 13) ұшуды пайдалану жөніндегі басшылық;
 - 14) пайдаланушының ұшуды жүргізу жөніндегі басшылығы;
 - 15) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының талаптарында ұшуды орындау үшін қажетті деп көзделген аэронавигациялық және басқа да құжаттар;
 - 16) осы Ережелерге сәйкес өзге де құжаттар.
- 7.3. Сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандырушы жоғарыда көрсетілген талаптардың/құжаттардың тізбесін қысқартуы не сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін.
- 7.4. Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген жазбаша нысанда, бірдей күші бар Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан екі данада жасалады, оған тараптардың өкілетті өкілдері қол қояды және мөрлермен расталады.
- 7.5. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде тараптардың келісімімен оған жазбаша нысанда ресімделетін және тараптардың өкілдері қол қоятын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

- 8.1. Сақтандыру шарты 1 жылға жасалады және егер тараптардың келісімінде өзге жағдай белгіленбесе, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.
- 8.2. Егер Сақтандыру шартымен өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру қорғанысы Сақтанушыдан сақтандыру сыйлықақысы (бірінші сақтандыру жарнасы) Сақтандырушының банктік шотына (қолма қол ақшасыз түрде төленген жағдайда) немесе кассасына (қолма қол ақшалай түрде төленген жағдайда) келіп түскен күннен кейінгі күннің 00.00 сағатынан басталады.
- 8.3. Сақтандырушының сақтандыру жауапкершілігі сақтандыру шартында келісілген оның қолданылу мерзімімен аяқталады.
- 8.4. Сақтандыру шартында Сақтандырушы бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жасаған кезден бастап оның қолданысын тоқтату көзделуі мүмкін.
- 8.5. Егер сақтандырылған әуе кемесі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған сәтте объективті себептер бойынша рейсте, қосалқы әуеайлақта болса немесе апатқа ұшыраса, Сақтандыру шартында сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімін ұзарту көзделуі мүмкін, Сақтандыру шарты соңғы рейстің межелі пунктіне келгенге дейін ұзартылған болып есептеледі. Бұл жағдайда Сақтанушы Сақтандыру шартын ұзарту мерзіміне бара-бар сақтандыру сыйлықақысын төлеуге тиіс. Бұл талап сақтандыру шартында Тараптармен алдын ала келісілуі және Тараптардың қосымша келісімге қол қоюымен ресімделуі тиіс.
- 8.6. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты тараптардың бірі бұл туралы Сақтандыру шарты тоқтатылған және сақтандыру сыйлықақысы төленген күнге

дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабарлаған жағдайда келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының Сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;
- 2) Сақтандыру шарты жасалғанға дейін тасымалдаулар орындалатын Сақтанушыға тиесілі әуе кемесінің жай-күйін, оны күтіп-ұстау және пайдалану, техникалық қызмет көрсету талаптарын зерттеп-қарауға және тиісті құжаттаманы зерделеуге, ал Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін бақылау іс-шараларын жүргізуге, сақтандыру жағдайларын тергеп-тексеруге қатысуға және ол қолданылатын кезеңде Сақтандыру шартын сүйемелдеумен байланысты өзге де жұмысты орындауға;
- 3) сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабарлама алған кезде Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе ұлғайған тәуекелге барабар қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
- 4) Сақтанушы өзіне белгілі болған, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлау міндетін орындамаған кезде, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса не Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе тәуекел дәрежесінің ұлғаюына мөлшерлес сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге;
- 5) шығындардың мөлшерін азайту жөніндегі іс-шараларға қатысуға. Бұл ретте Сақтандырушының осы іс-шараларға қатысуы оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тануды растау болып табылмайды;
- 6) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретін негізге ала отырып, сақтандыру жағдайының басталу дерегін және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 7) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының дерегін, оның басталу мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
- 8) Сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімдерде Сақтанушыға жазбаша хабарлама жібере отырып, құзыретті органдардың деректері мен құжаттары негізінде барлық мән-жайлар анықталғанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді 3 (үш) айға кейінге қалдыруға;
- 9) Сақтанушыны (Сақтандырылушыны, Пайда алушыны) жазбаша хабардар ете отырып, осы Ережелерде, Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға немесе оның мөлшерін азайтуға не оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымауға;
- 10) залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын ұсынуға;
- 11) Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы Ережелердің және/немесе Сақтандыру шартының талаптарын бұзған жағдайда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 12) осы Ережелерде немесе Сақтандыру шартында немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.

9.2. **Сақтандырушы міндетті:**

- 1) Сақтанушыны осы Ережелермен таныстыруға және оның талабы бойынша Ережелердің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);
- 2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жасауға;
- 4) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы кезіндегі залалдарды азайту үшін жұмсаған ақылға қонымды және орынды шығыстарын өтеуге;
- 5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Жәбірленуші (Пайда алушы) не олардың өкілі сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, оларды жетіспейтін құжаттар туралы Сақтандыру шартында/Сақтандыру ережелерінде белгіленген мерзімде хабардар етуге;
- 6) осы Ережелерде немесе Сақтандыру шартында немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.

9.3. **Сақтанушы құқылы:**

- 1) Сақтандыру шартын жасасқанға дейін Сақтандыру ережелерімен танысуға;
- 2) Сақтандырушыдан Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін сақтандыру талаптарын түсіндіруді талап етуге;
- 3) қосымша сақтандыру сыйлықақысын енгізу шартымен Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру құны ұлғайған жағдайда сақтандыру сомасын ұлғайтуға;
- 4) Сақтандырушының сақтандыру жағдайын тергеу барысымен танысуға;
- 5) Пайда алушының пайдасына Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жасауды талап етуге;
- 6) осы Ережелерде, Сақтандыру шартында және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 7) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
- 8) осы Ережелерде немесе Сақтандыру шартында немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.

9.4. **Сақтанушы міндетті:**

- 1) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 2) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар, өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 3) сақтандыру объектісіне қатысты басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына елеулі әсер етуі мүмкін болса дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға хабарлауға. Оның ішінде: пайдалану аумағының өзгеруі; әуе құралын жалға, лизингке, кепілге және өзге де ауыртпалыққа беру; әуе құралын сынақтарда, спорттық және оқу мақсаттарында пайдалану; өтініште көрсетілген оны пайдалану

мақсаттарының өзгеруі; сақтандыру жағдайының басталуына қарамастан, әуе құралын зақымдау немесе жою елеулі өзгерістер деп танылады;

- 5) сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиға басталған кезде бұл туралы Сақтандырушыны хабардар етуге және осы Ережелерде және/немесе Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қажетті іс-қимылдарды қабылдауға;
- 6) сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін осы Ереженің 11-тарауына және/немесе Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтандырушы талап ететін барлық қажетті құжаттарды ұсынуға;
- 7) осындай құқықты іске асыру үшін қажетті құжаттарды беруді қоса алғанда, сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 8) сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту шараларын қолдануға;
- 9) Сақтандырушы сұратқан Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 10) осы Ережелерде немесе Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.

9.5. Пайда алушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сақтандыру шартын жасасу кезінде және оның қолданылу кезеңінде осы сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалатын сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 3) Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қоюға;
- 4) Сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және талаптармен сақтандыру төлемін алуға;
- 5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
- 6) осы Ережелерде немесе сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.

9.6. Сақтандырушы және Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасуға байланысты бір-бірінен алынған коммерциялық, техникалық, қаржылық және өзге де ақпаратты пайдалануда қатаң құпиялылықты сақтауға міндетті. Мұндай ақпаратты жариялау немесе өзге де жария ету екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

9.7. Сақтандыру шартын орындау бойынша немесе соған байланысты тараптар бір-біріне жіберген барлық хабарлар, хабарламалар, хат-хабарлар, ұсыныстар жазбаша түрде орындалуы тиіс және егер олар Сақтандыру шартында көрсетілген деректемелер бойынша курьермен, хабарламасы бар хатпен, факспен, жеделхатпен немесе экспресс поштамен жіберілсе, тиісті нысанда берілген болып есептеледі.

9.8. Осы бөлім тараптарының құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық болып табылмайды, Тараптардың жекелеген міндеттері осы Ережелердің басқа бөлімдерінде көзделген болуы және Сақтандыру шартында толықтырылуы/кеңейтілуі/қысқартылуы /өзгертілуі мүмкін.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ОРЫН АЛҒАНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

- 10.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиға басталған кезде Сақтанушы міндетті:
- 1) дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыға жазбаша нысанда хабарлауға;
 - 2) ықтимал залалдарды болғызбау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларда ақылға қонымды және қолдан келетін шараларды, оның ішінде жәбірленушілердің әуе көлігін/мүлкін құтқару және сақтау шараларын қабылдауға;
 - 3) тиісті органдар мен ұйымдарға олардың құзыретіне қарай (ішкі істер органдарының бөлімшелері, өртке қарсы қызмет органдары, апаттық қызметтер, төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік) оқиғаның басталғаны туралы дереу хабарлауға; уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдардың оқиғаның құжаттық ресімделуін қамтамасыз етуге;
 - 4) әуе көлігін (егер ол бүлінген болса) және зардап шеккендердің мүлкін (егер бұл қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келмесе немесе залалдың ұлғаюына әкеп соқпаса) оның өкілі зақымданған/апатқа ұшыраған кезде болған күйінде қарап тексергенге дейін сақтауға;
 - 5) Сақтандырушының өкіліне зардап шеккендердің бүлінген әуе көлігін/мүлкін кедергісіз қарап-тексеру, шығындарды азайту және әуе көлігін/зардап шеккендердің мүлкін құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
 - 6) Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын анықтауға жәрдемдесуге, оның ішінде сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы түсінік беретін мүмкіндік беретін оған қолжетімді барлық ақпарат пен құжаттаманы беруге, оның ішінде Сақтандырушы өкілінің авиациялық оқиғаларды тексеру жөніндегі комиссияның отырыстарына қатысуын қамтамасыз етуге;
 - 7) зардап шегуші болып табылмайтын үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалдардың қандай да бір өтемін (өтемақысын) алғаны туралы Сақтандырушыны дереу жазбаша хабардар етуге;
 - 8) егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушының да, Сақтанушының да мүдделерін қорғау үшін өз өкілін тағайындауды қажет деп тапқан жағдайда – Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат немесе осындай мүдделерді қорғау үшін өзге де қажетті құжаттарды беруге. Сақтандырушы Сақтанушының мүдделерін сотта білдіруге немесе сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтанушыны өзге түрде құқықтық қорғауды жүзеге асыруға құқылы, бірақ міндетті емес;
 - 9) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген залалдарды дәлелдеу ауыртпалығын көтеруге, оның ішінде сараптама жүргізуге ақы төлеуге, сарапшылардың оқиға орнына шығуына, мамандарды тартуға және кеңес беруге, қажетті құжаттарды жинауға және т. б.;
 - 10) Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға;

- 11) Осы Ережелерде, Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді орындауға.
- 10.2. Пайда алушы Сақтанушының немесе Сақтандырылушының мұны жасағанына немесе жасамағанына қарамастан, барлық жағдайларда сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға құқылы.
- 10.3. Егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өз еркімен білгені немесе Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмағаны дәлелденбесе, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

- 11.1. Егер Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) осы талапты негіздейтін құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда Сақтандырушыға ұсынады.
- 11.2. Егер Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру төлеміне арналған өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:
- 1) Сақтандыру шартының көшірмесі (оның телнұсқасы);
 - 2) Сақтандыру жағдайының орын алғанын және дерегін растаушы, сонымен қатар Сақтанушының (Сақтандырылушының) жауапкершілігін анықтауға мүмкіндік беретін құзыретті органдардың құжаттары;
 - 3) Сақтанушыдан үшінші тұлғалардың пайдасына залалды өтеу туралы сот органдарының шешімі (немесе оның куәландырылған көшірмесі);
 - 4) Сақтанушыға үшінші тұлғалардан, немесе олардың мирасқорларынан берілген жазбаша шағымы, Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайының орын алғанын растаушы құжаттармен бірге;
 - 5) Сақтандыру компаниясында (заңды тұлға үшін) істерді жүргізуге құқық беретін сенімхат;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушыға, Сақтандырылушыға және Пайда алушыға (оның өкіліне) және бенефициарлық меншік иесіне тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттар;
 - 7) Сақтанушының (Сақтандырылушының) шығындардың алдын алу немесе азайту үшін жұмсалған шығындарды (олар бар болса) растаушы құжаттар;
 - 8) Сақтандыру төлемін аудару үшін қажетті Пайда алушының банктік деректемелері.
- 11.3. Келесі құжаттар Сақтандырушымен сұралуы мүмкін, ал Сақтанушымен ұсынылуы тиіс:
- 1) әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
 - 2) пайдаланушы сертификатының көшірмесі;
 - 3) әуе кемесіне меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері (әуе кемесін сатып алу-сату шарты, тендер өткізу туралы хаттама және т. б.);
 - 4) әуе кемесін мүліктік жалдауды, лизингті, алдын ала басқаруды, сондай-ақ өзге де пайдалануды растайтын құжаттардың көшірмелері;
 - 5) әуе кемесіне меншік құқығын, мүліктік жалдауды, лизингті, сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ өзге де пайданы растайтын құжаттарға қабылдау-тапсыру актісінің көшірмелері;
 - 6) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің әуе кемесін меншікке сатып алуға, мүліктік жалдауға, лизингке, сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ өзге де пайдалануға (азаматтық

- авиация ұйымдары, Қазақстан Республикасының резиденттері үшін) берген рұқсаты;
- 7) әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және жарамдылығын айқындау актісі;
 - 8) ұшуға жарамдылық сертификаты (әуе кемесін ұшуда пайдалану кезінде);
 - 9) әуе кемесінің үлгі сертификаты (аса жеңіл авиация әуе кемесі үшін түпнұсқа сертификаты немесе үлгі сертификаты);
 - 10) ұшуға жарамдылық сертификаты;
 - 11) борттық журналдар (ұшақтың/тікұшақтың бортжурналы, ұшақтың/тікұшақтың санитариялық борт журналы);
 - 12) борттық радиостанцияларға лицензия;
 - 13) ұшуды пайдалану жөніндегі басшылық;
 - 14) пайдаланушының ұшуды жүргізу жөніндегі басшылығы;
 - 15) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының талаптарында ұшуды орындау үшін қажетті деп танылған аэронавигациялық және басқа да құжаттар;
 - 16) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері; бүлінген немесе жойылған мүлікті иелену құқығын, оның сақтандыру төлемін алуға құқықтарының заңдылығын растайтын құжаттардың көшірмелері;
 - 17) тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшы жүргізген келтірілген залалдың сомасын айқындау жөніндегі сараптамалық бағалау актісі, егер ол жасалса;
 - 18) жәбірленушіге келтірілген зиянның сипатын, диагнозын, еңбекке жарамсыздық кезеңін көрсете отырып, тиісті медициналық мекеме қорытындысының түпнұсқасы;
 - 19) мүгедектікті белгілеу туралы уәкілетті медициналық орган қорытындысының түпнұсқасы;
 - 20) қайтыс болу себебін көрсете отырып, жәбірленушінің қайтыс болғанын мәлімдеген медициналық мекеме қорытындысының түпнұсқасы;
 - 21) қайтыс болу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
 - 22) мұраға құқық туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
 - 23) үшінші тұлғалардың өміріне/денсаулығына зиян келтірілген кезде:
 - дәріханалар мен медициналық мекемелерден әрбір препараттың атауын, рәсімін, қабылдауын, олардың саны мен құнын көрсете отырып, медициналық препараттарды сатып алуды, процедуралардан өтуді, дәрігерлердің қабылдауын растайтын шоттардың түпнұсқаларын (фискалдық, тауарлық чектерін, төлем туралы түбіртектерді және т.б.); сондай-ақ олар үшін төлемге шоттар ұсынылған емдеуші дәрігердің медициналық препараттарды қабылдауға тағайындауын, процедуралардан өтуді, дәрігерлердің қабылдауын растайтын құжаттар қоса беріледі;
 - үшінші тұлғаға келтірілген залалдың мөлшерін және жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу кезінде – жүргізілген шығыстарды төлеу фактісін растайтын шоттардың түпнұсқалары (шот-фактуралар, тапсырыс-нарядтар, фискалдық және тауарлық чектер, төлем туралы түбіртектер және т. б.);
 - Еңбекке жарамсыздық парағының түпнұсқасы.
- 11.4. Сақтандырушы сақтандыру оқиғасының мәртебесі туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбесін дербес қысқартуға және Сақтандырушының пікірі бойынша осы шешімді қабылдау үшін жеткілікті құжаттармен шектелуге құқылы.

- 11.5. Мәлімделген сақтандыру оқиғасы бойынша Сақтандырушының шешім қабылдауы үшін қажетті құжаттарды жинау және ұсыну ауыртпалығы, сондай-ақ барлық қажетті шығыстар Сақтанушыға жүктеледі.
- 11.6. Құжаттардың нақты тізбесі сақтандыру шартымен айқындалады.
- 11.7. Ұсынылған құжаттарды жасау тәртібі мен нысаны, егер олар үшін көзделген болса, Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес келуге тиіс. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқада не нотариалды куәландырылған немесе түпнұсқалық мөрмен куәландырылған және құзыретті ұйымның уәкілетті тұлғасы қол қойған көшірме түрінде ұсынылады.
- 11.8. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдағаннан кейін Сақтанушының/Жәбірленушінің/Пайда алушының талап етуі бойынша құжаттардың түпнұсқалары қарапайым не уәкілетті тұлға куәландырған көшірмелерін (Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын негізге ала отырып, Сақтандырушының шешімі бойынша) ұсынған жағдайда тиісті тұлғаға қайтарылуы мүмкін.
- 11.9. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы Сақтандырушыда қалады. Сақтандырушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жіберген жағдайда Сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда бере алады.
- 11.10. Сақтанушы, Сақтандырылушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сақтандыру төлемін жасау туралы мәселені қарау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы өтініш берушіні жетіспейтін құжаттар туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде хабардар етуге міндетті.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

- 12.1. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Сақтандыру шартына және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасайды. Барлық сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы жеке тексеру жүргізгеннен кейін жасайды. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасау немесе оны жасаудан бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қабылдайды.
- 12.2. Сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қарау және сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі Сақтанушыға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.
- 12.3. Егер сақтандыру төлемін белгіленген мерзімде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, ұсынылған құжаттарға қосымша мәліметтер немесе деректер қажет болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мерзімін ұзарту қажеттілігінің себептерін түсіндіріп, сақтанушыны - жеке тұлғаны (Сақтандырылған, Бенефициар) хабардар етуге тиіс. Бұл ретте сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемі бойынша құжаттарды қараудың соңғы мерзімі өткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.
- 12.4. Сақтандыру төлемі Бенефициар сақтандыру төлемін алудан жазбаша бас тартқаннан кейін сақтандырылғандарға жүргізілуі мүмкін.

- 12.5. Сақтандыру жағдайларын қарау тәртібі Сақтандырушы, Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) мен дерекқорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арасында электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы жазбаша нысанда да, электрондық нысанда да жүзеге асырылады.
- 12.6. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) арасындағы электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
- 12.7. Қажет болған кезде Сақтандырушы сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді құқық қорғау органдарынан, медициналық мекемелерден және сақтандыру жағдайының мән-жайлары туралы ақпараты бар басқа да кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан сұратады, сондай-ақ сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға және шығынның дәл мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға құқылы.
- 12.8. Жәбірленушілердің мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін Сақтандырушы Сақтанушы (Пайда алушы) және/немесе Сақтандырушы ұсынған тәуелсіз сарапшы ұсынған құжаттар негізінде айқындайды.
- 12.9. Бір себеппен болған бірнеше шығындар бір сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады. Бір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемдері немесе бір оқиға нәтижесінде сақтандыру жағдайларының сериясы аумағында залал келтірілген елдің заңнамасында белгіленген сақтандыру төлемдерінің мөлшерінен және Сақтандыру шартын жасасу кезінде белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.
- 12.10. Сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында белгіленген франшиза ескеріле отырып жасалады. Егер бірнеше сақтандыру жағдайлары орын алса, олардың әрқайсысы үшін франшиза шегеріледі.
- 12.11. Сақтандыру жағдайы деп танылған немесе танылуы мүмкін оқиғаға байланысты сақтандыру төлемін жасау туралы шешім қабылдаған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру шартымен қойылатын сақтандыру жағдайының басталуына байланысты талаптардың тізбесін қысқартуға құқылы.
- 12.12. Жәбірленуші Пайда алушы болып табылады. Сақтандыру төлемі жәбірленуші-заңды тұлға үшін қарапайым жазбаша нысанда ресімделген жәбірленушінің өтініші бойынша және жәбірленуші-жеке тұлға үшін нотариалды куәландырған сенімхат түрінде жәбірленушінің денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру жөнінде қызмет көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей жасалуы мүмкін.
- 12.13. Үшінші тұлға қайтыс болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаның қайтыс болуына байланысты зиянды өтету құқығы бар тұлға Пайда алушы болып табылады. Жолаушы-жеке тұлға қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мұрагерлері Пайда алушы болып табылады.
- 12.14. Сақтандыру төлемі Пайда алушы сақтандыру төлемін алудан жазбаша бас тартқаннан және Сақтандырушының жәбірленушіге келтірілген залалды өтегенін растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін Сақтанушыға жасалуы мүмкін.
- 12.15. Келтірілген зиянды басқа тұлғалар өтеген жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өтелуге жататын сома мен басқа тұлғалар өтейтін сома арасындағы айырманы ғана төлейді. Сақтанушы мұндай өтемақылар туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 12.16. **Үшінші тұлғалардың мүлігіне және (немесе) өміріне/денсаулығына залал келтірген жағдайда:**
- 1) үшінші тұлғалардың мүлкіне келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде, бірақ Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жасалады.

- 2) мүлік зақымданған кезде келтірілген зиянның мөлшері бүлінген мүлікті қалпына келтіру құнының есебі негізге алынып, мүліктің сақтандыру жағдайы басталғанға дейін болған есептелген амортизациясы (тозуы) шегеріле отырып айқындалады. Бүлінген мүлікті қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы басталған күнгі қолданыстағы нарықтық бағалар негізге алына отырып есептеледі.
- 3) мүлік жойылған кезде келтірілген зиянның мөлшері оның сақтандыру жағдайы басталған күнгі нарықтық құны негізге алына отырып айқындалады. Егер мүлікті қалпына келтіру техникалық жағынан мүмкін болмаса немесе экономикалық тұрғыдан негізсіз болса, ол жойылған болып есептеледі. Егер бұл ретте мүлікті қалпына келтіруге жұмсалатын шығыстар сақтандыру жағдайы басталған күнгі оның нарықтық құнының 80%-ынан асатын болса, мүлікті қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан негізделмеген болып есептеледі.
- 4) мүлік толық жойылған кезде Сақтандырушының Пайда алушыға келесілер үшін төлем жасауға құқығы бар:
 - сақтандыру жағдайы кезіндегі бүлінген мүліктің нақты құны, одан әрі пайдалануға жарамды қалдықтардың құнын шегергенде;
 - сақтандыру жағдайы кезіндегі бүлінген мүліктің нақты құнын, Пайда алушы одан әрі пайдалану үшін жарамды қалдықтарды Сақтандырушыға берген жағдайда. Мұндай жағдайда сақтандыру төлемі олардың болмауы және/немесе бүлінуі сақтандыру жағдайына қатысы жоқ, жоқ (ауыстырылған) бөлшектер мен агрегаттардың құнын шегергенде Пайда алушы мен Сақтандырушы арасындағы мүлікке қабылдау-беру актісін жасағаннан кейін жүргізіледі.
- 5) Үшінші тұлғалардың өміріне/денсаулығына залал келтірген жағдайда:
 - үшінші тұлғалардың өміріне/денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде жасалады, бірақ сақтандыру сомасынан аспайды. Сақтандыру төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалады.
 - егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде үшінші тұлғаның денсаулығының нашарлауы (мүгедектік не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсе) не қайтыс болса, онда Сақтандырушы үшінші тұлғадан (Пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуді жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

12.17. Жолаушылардың/жүк иелерінің мүлігіне залал келтірілген жағдайда:

- 1) Сақтанушы жолаушының өзінде бар заттардың, тіркелген багаждың жоғалғаны, жетіспегені немесе зақымданғаны үшін мынадай мөлшерде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікте болады:
 - Тасымалдауға құны жарияланбаған багаждың жойылғаны немесе жетіспеуі үшін, сонымен қатар жолаушының жанында болған заттар үшін – жоғалған багаждың, сонымен қатар жолаушының жанында болған заттың – нақты құны немесе оның жетіспейтін бөлігінің мөлшерінде;
 - жарияланған құны бар тасымалдауға қабылданған багаждың жоғалғаны немесе жетіспегені үшін – егер сақтанушы жарияланған құнның нақты құнынан жоғары екенін дәлелдемесе, жарияланған құн мөлшерінде;

- жолаушының қолындағы заттардың немесе багаждың бүлінгені үшін багаждың немесе заттардың құны кеміген соманың мөлшерінде.
- 2) жүк толық жойылған (зақымдануларды жою немесе сақтандырылған жүкті межелі жерге жеткізу экономикалық тұрғыдан орынсыз болған) кезде Сақтандырушының Пайда алушыға келесідей сақтандыру төлемін жасауға құқығы бар:
- 3) франшизаны шегергенде және құтқарылған жүктің құнын шегергенде, бірақ сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшердегі тауар. Құтқарылған жүк деп жеңілдікпен сатылған жүк те түсініледі;
 - Сақтанушы сақтандырылған жүкке (абандон) меншік құқығын Сақтандырушыға берген жағдайда, франшизаны шегергеннен кейін, сақтандыру сомасынан аспайтын жүк құнының мөлшерінде.
- 4) жүктің немесе багаждың құны уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін ережелер (әдістеме) бойынша тасымалдау және көлік түрлеріне байланысты немесе Қазақстан Республикасы қосылған тиісті халықаралық конвенциялардың қағидаттары негізінде белгіленетін бағасы негізге алына отырып айқындалады.

12.18. Жолаушылардың өміріне/денсаулығына залал келтірген жағдайда:

- 1) Егер Сақтандыру шартында бір жолаушының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін Сақтандырушының жауапкершілік лимиттері көрсетілсе, сақтандыру төлемі мынадай мөлшерде жасалады (бір жолаушының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін Сақтандырушының жауапкершілік лимитінен, пайызбен):
 - Қайтыс болғанда – 100;
 - Мүгедектік белгіленгенде: I топ – 80; II топ – 60; III топ – 40;
 - «мүгедек-бала» санатын белгілегенде — 60;
 - Еңбекке уақытша жарамсыз болғанда – әр еңбекке жарамсыз күн үшін 1 айлық есептік көрсеткіш (Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес сақтандыру төлемін жасаған күні белгіленген), бірақ 90 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге.
- 2) Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде жолаушының денсаулығының нашарлауы басталса (мүгедектігі не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленеді) не қайтыс болса, онда Сақтандырушы жолаушыдан (Пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуді жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

12.19. Сақтандыру шартында сақтандыру төлемін жасаудың өзге тәртібі мен талаптары, сақтандыру төлемінің өзге мөлшері белгіленуі мүмкін.

13. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУЫ

- 13.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растау үшін ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Сақтандырушы мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асырады:
- 1) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
 - 2) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.
 - 3) сақтандыру төлемін жүзеге асыру мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

- 13.2. Сақтандырушы осы Ережелерде көрсетілген шарттарда тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.
- 13.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі, егер ұсынылған құжаттардан болған оқиғаның мән-жайын, осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындауын анықтау мүмкін болмаған жағдайда қабылданады.
- 13.4. Өз кезегінде Сақтандырушының шешімінде көрсетілген мән-жайларды анықтау мүмкін еместігі Сақтандырушыға Сақтандыру ережелерінің нормаларын, Сақтандыру шартының талаптарын/осы Ережелерге Қосымшаларды ескере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді.
- 13.5. Бұл жағдайда Сақтандырушы өз шешімінде болған оқиғаның нақты қандай мән-жайларын және/немесе осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындау фактілерін белгілеуге болмайтындығын және Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) қандай іс-әрекеттер жасауы тиіс екенін көрсетуге тиіс.
- 13.6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) құжаттар топтамасын ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде ресімделеді.

14. ҚОСАРЛЫ САҚТАНДЫРУ

- 14.1. Қосарланған (көпше) сақтандыру – бір объектіні бірнеше Сақтандырушыда әрқайсысымен дербес шарттар бойынша сақтандыру.
- 14.2. Қосарланған сақтандыру кезінде әрбір Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасалған Сақтандыру шарты шегінде жауапты болады, алайда Пайда алушы барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты нұқсаннан аспауға тиіс.
- 14.3. Бұл ретте Пайда алушы кез келген Сақтандырушыдан онымен жасалған шартта көзделген сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты залалды өтемесе, Сақтанушы жетіспейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.
- 14.4. Келтірілген залалды басқа Сақтандырушылар өтегендіктен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара босатылған Сақтандырушы Сақтанушыға келтірілген шығыстарды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақыларының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.
- 14.5. Қосарланған сақтандыру кезінде сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға өзге Сақтандырушыларда сақтандыру төлемі мәселесін реттеуге қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге Сақтандырушылардан алынған сақтандыру төлемінің мөлшері туралы мәліметтерді беруге міндетті.
- 14.6. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы басқа Сақтандырушылармен бірлесіп сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалдардың мөлшерін айқындауға құқылы.

15. СУБРОГАЦИЯ

- 15.1. Сақтандыру төлемін жасайтын Сақтандырушыға Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру нәтижесінде өтелген шығындар үшін жауапты тұлғадан талап етуге құқығы төленген сома мөлшерінде ауысады.
- 15.2. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 15.3. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының (Сақтандырылғанның) кінәсінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігін жасаудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

16. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНДА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

- 16.1. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тараптардың өзара келісімімен, Тараптардың бірінің жазбаша мәлімдеме (хабарлама) беруі негізінде жасалады.
- 16.2. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары:
 - сақтандыру объектісін өзгеруі;
 - сақтандыру шартын жасасу кезінде берілген мәліметтерді өзгеруі;
 - сақтандыру қорғаудың қолданылу мерзімін өзгеруі;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де жағдайлар.
- 16.3. Тараптардың бірі мәлімдеме алған кезден бастап шешім қабылдау кезіне дейін Сақтандыру шарты бұрынғы ережелерге сәйкес әрекет етеді.
- 16.4. Осы Ережелерге сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Сақтандыру шартына қосымша келісім жасау және оған қол қою жолымен рәсімделеді.
- 16.5. Сақтандыру шартына жасалатын барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша түрде рәсімделгенде және екі Тараптың да уәкілетті өкілдері қосымша келісімге қол қойған кезде заңдылық күшке ие болады.

17. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 17.1. Міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату негіздерден басқа кезде Сақтандыру шарты келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
 - 1) Сақтандырушы бірінші орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жасаса. Егер бұл сақтандыру шартында тікелей көрсетілсе, ол Сақтандырушы бірінші сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде өзінің қолданысын тоқтатады;
 - 2) Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда кезекті сақтандыру жарнасын төлемеген кезде;
 - 3) Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі аяқталған кезде;
 - 4) Сақтанушының бастамасымен Сақтандыру шартынан бас тартылса;
 - 5) Сақтандырушының бастамасымен Сақтандыру шартынан бас тартылса;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Сақтандыру шартымен белгіленген жағдайларда.

- 17.2. Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі Тарап екінші Тарапты дереу хабардар етуге тиіс. Сақтанушы осы тармақта көзделген бұзу негіздері бойынша растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.
- 17.3. Осы Ережелердің 17.1-тармағының 1) – 4) тармақшаларында аталған негіздер бойынша Сақтандыру шартын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды, егер Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе.
- 17.4. Осы Ережелердің 17.1-тармағының 5) – 6) тармақшаларында аталған негіздер бойынша Сақтандыру шартын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатады: мөлшері жалпы сақтандыру сыйлықақысының сомасынан 30 % құрайтын істі жүргізу үшін жұмсалған шығындарды шегеруден кейін, сақтандырудың өтпеген мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі Сақтандырушыға Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініші берген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, егер Сақтандыру шартымен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге жағдай көзделмесе.
- 17.5. Сақтандырушы-жеке тұлға сақтандыру келісімшартынан бас тартса, оның жасалған күнінен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде, сақтандырушы сақтандырушы-жеке тұлғаға сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) бір бөлігін алып тастаған сақтандыру жарнасын (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін, сондай-ақ сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындарды (алынған) сақтандыру мерзімінің он пайызынан аспайтын шығындарды қайтаруға міндетті сақтандыру жарналары (сақтандыру жарналары).
- 17.6. Егер сақтандырушы – жеке тұлға осы тармақтың екінші бөлімінде көрсетілген мерзімде несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, несие беруші осы келісім бойынша пайыздық мөлшерлемеге және (немесе) оған қатысты комиссияға қатысты шарттарды қайта қарауға құқылы. Шолу нәтижелеріне негізделген несие келісімі бойынша пайыздық мөлшерлеменің (комиссиялық сома) мөлшері сақтандыру шарты болмаса, несие келісімі жасалған күні күшінде болатын пайыздық мөлшерлемеден (комиссия) аспауы тиіс.
- 17.7. Егер жеке сақтандырушы несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, оның (қарыз алушың) несие беру шарты бойынша міндеттемелерін орындауы нәтижесінде жеке сақтандырушы жеке сақтандырушыға бес жұмыс күні ішінде алған сақтандыру жарнасын (сақтандыру премияларының) бір бөлігін (сақтандыру жарналары) алып тастау туралы өтініш алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтаруы тиіс сақтандыру күшінде болған уақыт және сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындар, алынған сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) он пайызынан аспайтын шығындар.
- 17.8. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен ережелерді орындамаудан туындаса, соңғысы Сақтанушыға онымен төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толықтай қайтарып беруге міндетті.

18. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 18.1. Сақтандыру төлемін уақытылы жасамаған жағдайда Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабымен белгіленген тәртіпте және мөлшерде Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 18.2. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемені орындамаған немесе тиісті орындамаған Тарап міндеттемелерді орындамағаны/тиісті орындамағаны үшін мүлдіктік жауапкершілік артпайды, егер тиісті орындау еңсерілмейтін күш жағдайының, яғни төтенше және ырық бермейтін жағдайлар салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе.
- 18.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары келесілерден тұрады, бірақ олармен шектелмейді: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа табиғи апаттар, соғыстар немесе кез келген сипаттағы әскери әрекеттер, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымы. Еңсерілмейтін күш мән-жайлардың нақты тізімі Сақтандыру шартында қарастырылуы мүмкін.
- 18.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайлардың әсеріне тап болған тарап осындай жағдайлардың орын алғаны туралы басқа тарапқа 3 (үш) жұмыс күн ішінде хабарлауға міндетті, егер Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе.
- 18.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайлар әсері құзыретті органдардың сәйкес құжаттарымен расталуы тиіс.
- 18.6. Осы бөлімде көзделген тараптардың жауапкершілігі Сақтандыру шартының ережелеріне сәйкес өзгертілуі (толықтырылуы) мүмкін.

19. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 19.1. Сақтандыру шартынан немесе оған байланысты туындайтын кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.
- 19.2. Даулар туындаған кезде Тараптар дауды реттеудің сотқа дейінгі мынадай тәртібін сақтауға міндетті:
 - Дау туындаған жағдайда Тарап екінші Тарапқа жазбаша шағыммен жүгінуге және талапқа жауап алуға міндетті. Егер Тарап шағымда баяндалған талаптарды қанағаттандырудан бас тартса немесе талап алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде шағымға жазбаша жауап бермесе немесе шағымды ішінара немесе толық мойындағанын куәландыратын әрекеттер жасамаса, Тарап сақтандыру омбудсманына дауды шешу туралы өтінішпен жүгінеді. Сақтандыру омбудсманының дауды мәні бойынша шешуі дауды реттеудің сотқа дейінгі кезеңін сақтаудың міндетті кезеңі болып табылады.
 - Сақтандыру төлемінің мөлшеріне дауласуға қатысты дау туындаған жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемінің дауланбайтын бөлігін алуға міндетті, содан кейін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген әрекеттерді жасайды. Бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсменінің шешімін орындау міндетті емес.
- 19.3. Келісімге қол жеткізілмеген және дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған кезде тараптар Алматы қаласы Медеу ауданының сотына (егер даудың бір тарабы жеке тұлға болса немесе) немесе Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (егер дау заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер арасында болса) талап-арызбен жүгінеді, яғни шарттық соттылық белгіленеді.
- 19.4. Осы Сақтандыру ережелері мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды және оған қол қойылды. Мемлекеттік тілде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұны орыс тілінде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұнына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Тараптар орыс тілінде жасалған Осы Ережелер мәтініне сүйенеді.

20. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

- 20.1 Сақтандыру шартымен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де жағдайлар қарастырылуы мүмкін.
- 20.2 Осы Ережелердің негізінде Сақтандырушы түрлі сақтандыру тәуекелдер жинағымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге сақтандыру шарттарымен сақтандыру бағдарламаларын дайындауға құқылы.
- 20.3 Сақтандыру шартының мазмұны осы Ережелерге сәйкес болмаған жағдайда Сақтандыру шартының ережелері қолданылады, егер бұл Сақтандыру шартында тікелей айтылса.
- 20.4 Осы Ережелермен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады.

**СОҒЫС, АЙДАП ӘКЕТУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАУІПТЕР (АВИАЦИЯЛЫҚ)
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АЛЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
AVN .48B**

- 1) Сақтандыру төлемдері келесі жағдайлардың салдарынан туындағанда жасалмайды:
 - Соғыс, интервенция, шетелдік жаулардың әрекеттері, соғыс әрекеттері (соғыс жариялай отырып және онсыз), азаматтық соғыстар, көтерілістер, төңкерістер, көтерілістер, әскери жағдай немесе билік заңсыз басып алған немесе билікті заңсыз басып алу әрекеттері.
 - Атомдық немесе ядролық және/немесе термоядролық немесе басқа ұқсас реакциялармен немесе радиоактивті күштермен немесе материалдармен кез келген жауынгерлік қарудың кез келген жарылысымен.
 - Ереуілдер, тәртіпсіздіктер, азаматтық бағынбаушылық немесе өндірістік тәртіпсіздіктер.
 - Бір немесе одан да көп адамның қандай да бір іс-әрекетімен (өз атынан немесе қандай да бір мемлекеттің атынан әрекет етуіне қарамастан), саяси немесе террористік себептер бойынша акт жасалса, осы іс-әрекеттен туындаған залалдар мен шығындар кездейсоқ немесе қасақана болса.
 - Кез-келген қауіп-қатер, іріткі немесе диверсия.
 - Тәркілеуге, мемлекет меншігіне алуға, тыйым салуға, бас бостандығынан айыруға, меншіктік немесе пайдалану үшін, немесе қандай да бір үкіметтің (азаматтық, әскери немесе нақты билеуші) немесе қоғамдық немесе жергілікті биліктің өкімі бойынша реквизициялау кезінде.
 - Ұшақта бір адам немесе ұшақ бортындағы адамдар тобы жасаған, Сақтанушының мақұлдауынсыз әрекет еткен айдап әкетумен немесе қандай да бір заңсыз басып алумен немесе ұшуда ұшақты немесе экипажды күшпен бақылаумен (осындай басып алу немесе бақылаудың кез келген әрекетін қоса алғанда) байланысты болуы мүмкін.
- 2) Бұдан басқа, жоғарыда аталған қауіптердің бірі себебінен әуе кемесі Сақтанушының бақылауынан тыс тұрған уақытта туындайтын залалдар өтелмейді. Әуе кемесі Сақтандыру шартының географиялық шектеулерінен алынып тасталмаған әуеайлаққа Сақтанушыға аман-есен оралғаннан кейін және ұшу үшін толық жарамды болған кезде (егер әуе кемесі қозғалтқыштары өшірілген және қандай да бір мәжбүрлеусіз тұрақта болған жағдайда, қайтып оралу қауіпсіз деп есептеледі) Сақтанушының бақылауына қайтарылған болып есептеледі.

**ШУ, ЛАСТАНУ ЖӘНЕ БАСҚА ҚАУІПТЕРДІҢ ӘСЕРІН
АЛЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
AVN.46B**

- 1) Келесі жағдайлардың нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде туындаған шығындар бойынша сақтандыру төлемдері жасалмайды:
 - Шудың әсер етуі (адамның құлағына естілетін немесе естілмейтін), акустикалық дыбыстың дірілі және / немесе басқа ұқсас құбылыстар;
 - Кез-келген ластану және зарарлану;
 - Электр немесе электромагниттік кедергілердің әсері;
 - мүлікке келтірілген залал (әуе кемесін басқарудағы ақаулықтармен туындаған, ұшу кезіндегі жарылыс, қақтығыс немесе апаттық жағдай нәтижесінде туындаған немесе орын алғандардан басқа).
- 2) Сақтандырушыға (осындай міндеттер ережеде болмауына байланысты) келесілерді зерттеуге және одан қорғануға қажет жоқ:
 - 1-тармақтағы шығындарға байланысты талаптар немесе
 - 1-тармақ бойынша шығындар бойынша талаптар жиынтығындағы талап немесе талаптар («Аралас тәуекелдерді» төменнен қараңыз).
- 3) Аралас тәуекелдерге қатысты Сақтандырушы (дәлелденген шығынға және жауапкершілік шегіне сәйкес) Сақтанушыға ішінара мынадай тармақтар бойынша төлемдер жүргізеді:
 - Сақтанушыға төлеуге тиісті шығындар;
 - Сақтанушыға түскен қорғау бойынша қаламақылар мен шығындар.
- 4) Осындай айтылғанның ешқайсысы «Радиацияны немесе радиоактивті ластану әсерін алып тастау туралы ереже» және ережелердің басқа қосымшаларына таралмайды

**РАДИАЦИЯ НЕМЕСЕ РАДИОАКТИВТІ ЛАСТАНУ ӘСЕРІН
ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
AVN.71**

Осы сақтандырумен келесілер қамтылмайды:

- 1) кез келген мүліктің жойылуы немесе бүлінуі немесе осыдан туындайтын кез келген залал немесе шығыстар немесе жанама залал;
- 2) тікелей немесе жанама түрде туындаған немесе келесі себептермен болған кез келген азаматтық-құқықтық жауапкершілік:
 - кез келген жарылғыш ядролық құрылғының немесе оның ядролық компонентінің радиоактивті, улы, жарылғыш немесе өзге де қауіпті қасиеттерінің;
 - радиоактивтіліктің кез келген басқа көзінен шығатын иондаушы сәулелену немесе радиоактивті ластану, оның уландырғыш, жарылғыш және өзге де қауіпті қасиеттерін қоса алғанда.